

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

# ИСЛАМ

Қазақстан  
мұсылмандарының  
діни-танымдық газеті

ЖӘНЕ

# ӨРКЕНИЕТ

№1 (49) ҚАҢТАР, 2005 ЖЫЛ

## ҚАЖЫЛЫҚТЫ ӨТЕУ ШАРЫЗ!



Суретте: Елбасы Н.Ә.Назарбаев пен Бас мұфти Ә.Дербісәлі қасиетті Мекке топырағында.



Әбәттар қажы ДЕРБІСӘЛІ,  
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти:

# “ЕЛ МЕН ДІН МҰРАТЫ - ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІК”

“Известия” газетінде (16 қыркүйек, 2004 ж.) жарияланған Мәскеу діни академиясының профессоры, диакон Андрей Кураевтың “Бесланнан кейін Исламға қалай қарау керек?” атты мақаласында күні кешегі Кауказдағы Беслан қайғы-қасіретіне талдау жасалыпты. Кімнің де болса, кез келген мәселе бойынша өз ой-пікірін ашық білдіруіне өрине, еркі бар. Бірақ, ол белгілі бір айдан шығып кетпегені, әсіресе, кім-кімнің де жаңды жері саналар дініне қатысты үстірт не сыңар жақ, қаралап, күйе жағу тұрғысында болмағаны абзал.

Дін аса нәзік. Сондықтан оған барынша байыппен қарап, салмақты да салауатты, бір-бірінен алыстататын емес, керісінше жақындататын, өзара түсіністік пен құрмет тұту сезімінде келсе, құба-құп. Бүгінгі аса күрделі қым-қуытқа толы дүние осыны талап етеді. Бұл орайда қасиетті Құран Көрімі: “Ізгі істерге, тақуалыққа көмектесіңдер, күнә жасауға, жаулыққа жәрдемші болмаңдар. Құдайдан қорқыңдар, оның қаһары тегін де тым қатал” (“Мағида” сүресі, 2 аят), – деп ескертеді. Діндераралық түсіністік пен ынтымақ мәселесін – халықтар мен елдер арасындағы өзара бейбітқатар өмір сүріп, тіршілік етуді көздеген қалыпты қарым-қатынастан бөліп қарауға өсте болмайды. Кім-кімнің де сенім-нанымы өзіне. Оған құрметпен, түсіністікпен қарау қажет. Өйткені, қасиетті Құран Көріміде: “Сендердің діндерің өздерің үшін, менің дінім өзім үшін”, – деп (“Көфүрун” сүресі, 6 аят), – делінген. Елдің амандығы мен жұрттың тыныштығын, бірлігі мен ынтымағын басты мұрат тұтқан бүгінгі адамзат баласының биік парасаты да дәйім осыған үндейді.

Қазақстан көптеген ұлт пен ұлысты, соған орай, бірнеше діндер мен конфессиялы ел. Сенім-нанымдары мен шығу тегі түрліше болғанымен, мақсаты бір, мүддесі ортақ. XX-шы ғасырдың бізге тартқан сыйы осындай.

Еліміздің өз егемендігін алғанына да 13 жыл толды. Осы уақытта халықтарымыздың ынтымағы мен бірлігі де шыңдалып, беки түсті. Әлемдік былай қойғанда, бұрынғы одақтас елдердің бірқатарында өлі күнге дейін жалғасып жатқан әрқилы келеңсіз жағдайлардан дін аманбыз. Ұлтқа, дінге бөліну, не алалау жоқ. Алла Тағаладан тілеріміз де осы. Құран Көріміде: “Ей, адамзат! Сендерді біз өуелде бір еркек, бір әйелден (Адам мен Хауадан), бір ата, бір анандан жаратып (өрбіттік), өзара қарым-қатынас жасауларың үшін көптеген ұлт, ұлыс етіп көбейттік. Ал, ерекше діндар болғандарыңды Тәңірі құрметті адам санайды (яғни, сендердің бір-біріңнен артықтығың несібелеріңмен емес, діндар тақуалықтарыңмен есептеледі)” (“Хүжүрат” сүресі, 13 аят), – делінген.

Ия, өтпелі кезеңнің қиыншылықтары да біртіндеп артта қалып барады. Ел еңсесін көтеріп, аяғынан тұрып келеді. Кешегі халықтар түрмесіне айналып, оларды тұншықтырып ұстаған одақтың құл-қоқысының орнынан бір-бірінің дербестігін танып, құрметтейтін, терезесі тең шын мәніндегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылып, өмір сүруде. Сол шоғыр

арасында ынтымағы мен достығы жарасқан қазақ елі де бар. 2003 жылғы қыркүйекте әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының тұңғыш құрылтайының біздің Астанада өтуі өркеніетті адамзат тарихынан ерекше орын алар айрықша оқиға. Бұған дейінгі үлкенді-кішілі кейбір соғыстар мен дау-жанжалға діндераралық кикілжіңдер мен төзбеушілік себеп болғанын, дінбасыларының бір дөңгелек үстел басында отырып, өзара сұхбаттаспағанын ескерсек Қазақстандағы бұл келелі басқосудың арасында да Алланың өзі сөтін салып, орайын келтірген тарихи оқиға ретінде бүкіл әлем жоғары бағалап отыр. Осы айтулы кездесудің біздің елде өтуі кездейсоқ па?! Жоқ, кездейсоқ емес. Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.): “Әркімнің ниеті өзіне серік”, – деген даналығына сүйенсек кең пейілді, көңілі дархан халқымыз бен оның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бүгінгі сан-салалы қызметі мен жүргізіп отырған ішкі, сыртқы бейбітқатар өмір сүру саясаты өзара үйлесім табуымен көптің ойынан шығып ерекшеленуде.

Халқымыз ынтымақ пен бірлікті, ізгілік пен достықты қашан да жоғары қойған. Қасиетті Құран Көріміде: “Жақсылық жасаңдар, ізгі жандарды Тәңірі шын дос тұтады” (“Бақара” сүресі, 195 аят), – делінген. Расында да, ынтымақ пен бірлік, ізгілік пен достық қайда болса, бақыт та, өніп-өсіп, көктеу де сонда. Бүгінгі дос сүйініп, дұшпан күйінер жағдайға халқымыз оп-оңай қол жеткізе қойған жоқ. Қаншама қиын сынақ пен өмірдің бұралаң жолдарынан өтуге тура келді. Бұл үшін қаншама сабырлық пен шыдамдылық, мұқалмас жігер мен адами ізгілік, қайырымдылық пен қамқорлық қажет еді десеніңші?! Еріксіз өткенге ой жүгіртуге тура келеді.

Кешегі XX-шы ғасыр адамзат тарихындағы соғысы мен қақтығысы, дау-жанжалы мен қуғын-сүргіні, яғни бейбіт адамдардың нақақ қанын төккен қасіреті мол ғасыры ретінде есте қалды. Екі дүниежүзілік соғысқа тартылмаған, оның отына шарпылмаған әлемде бірде-бір ел жоқ та шығар. Соғыстың аты соғыс! Онда бір-біріне қару кезеңдерден гөрі бұған қатысы жоқ бейбіт халық, көбіне-көп балалар мен қарттар зардап шекті. Сол екі дүниежүзілік соғыс қазақ халқы мен оның елін де айналып өтпеді. Алғашқысына қазақ жігіттері қолына қару алып, майдан даласына шықпаса да окоп қазу, жол салу және тағы басқа да қара жұмысқа көптеп тартылып, аяусыз жегілді. Халық азаматтарының қара жұмысқа алынуына үзілді-кесілді қарсылық білдіріп, талай жерде ұйымдасқан түрде де, стихиялық жағдайда да көтеріліске шығып жатты. Бірақ олар наразылығын орыс халқына да, оның дініне де емес, қанап-билеуші Ресей патшасына білдірді. Өйткені, билеушісінен сол орыс халқының өзі де қазақтан кем зардап шеккен жоқ-ты. Тағдырлас бұл екі халық сөйтіп қазақ жерінде екі ғасырдан астам уақыт ынтымақта бірге жасасып келеді.

Бодандық қамытын мықтап

киген қызыл империя тұсында ұлттың ең асыл құндылықтары – тілі мен ділінен, діні мен салт-дәстүрінен айырылуға шақ қалды. Қолдан ұйымдастырылған 30-шы жылдарғы ашаршылықта халықтың үштен бірі қырылып, тағы бір бөлігі бас сауғалап, әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай шашылды. Қаншама ғасырлар халқымыздың рухани тірегі саналған мешіт-медреселеріміз құлазып, бос қалды. Көбісі қиратылып, ендігі бір бөлігі атқора мен қоймаларға айналды. Елдің рухани жол нұсқар діндарлары – имамдар мен молдалар, ишандар мен қожалар қуғын-сүргіннің небір құқайын көріп, түрмелерде азаптады...

Бұл қасіреттен христиан діні де құтыла алған жоқ. Осы ретте кеңпейіл халқымыздың діни төзімділігінің, өзгенің діни сенім-нанымын сыйлап, құрметтеуінің үлгі етерлік бір мысалын келтіре кеткен жөн сияқты. 30-шы жылдардағы Сталиндік зобалаң кезінде құдайсыз, өпербақандар Павлодардағы христиан шіркеуін бұзбақ болғанда оған шыр-пыры шығып, қарсы тұрғаны үшін мұсылман қазақ азаматы атылған еді. Аңызға бергісіз бұл шындықты Ертіс бойының христиандары өлі күнге дейін аузынан тастамайды.

Екінші дүниежүзілік соғыста дініне, ұлтына қарамай қазақ та, орыс пен украин да ортақ жауға қарсы жан аямай шайқасты. Достықтың, ынтымақтың, бауырмалдықтың нағыз үлгісін көрсетті. Соғыстың сондай сұрапыл жылдарында Қазақстанға сенім-нанымдары да, ұлты мен ұлыстары да бөлек – Қырымнан ноғайлар, украиндер мен беларулар, Балтық бойынан латыштар мен эстондар, Кауказдан месхеттік түріктер, қарақалпақтар, кабардин-болгарлар, ингуш-шешендер, гректер, Еділ бойынан немістер мен еврейлер, Қырғыз Шығыстан көрістер және тағы басқалары жер аударылып келіп, пана тапты. Осылайша қазақ елі сенім-нанымы әрқилы сандаған ұлт пен ұлыстың екінші Отанына айналды. Бауырмал да қонақжай халқымыз сол бір қиын, тапшылық кездің өзінде туған жерін тастап, бір қиырдан арып-ашып жеткен ағайындарды ұлты мен дініне қарамастан, алааламай қолындағы жарты құртымен бөлісті. Үйінің бір жағын босатып, жай берді. Өзара тіл табысып, жақын сырласқа, жанашыр мұңдасқа айналды.

Қазақ: “Аштықта жеген талқанның дәмі таңдайдан кетпейді”, – дейді. Бұл ағайындар да жанашыр, қамқорлықты түсініп, бағалай білді. Өз тілдерінде оқып, салт-дәстүрлерін сақтады. Оларға сол кезде де, қазір де өз діни сенім-нанымын тықпалаған жоқ. Ал, патшалық Ресей миссионерлері өз кезінде бодан халықтарды неше түрлі айла-шарғымен, тіпті күштеп те шоқындыруға тырысқаны тарихтан белгілі.

Әрине, рухы күшті, сенімі көміл халық қана қандай қиындыққа да шыдас береді. Он үш ғасыр халқымыздың болмысы мен діліне біржола сіңіп, айырғысыз болып кеткен Ислам діні, әсіресе, кешегі 70 жылғы атеизм үстемдік құрған тұста жетімсіреп, өгей баланың күнін кешті. Бірақ, сүрінсе де құламады, сағы сынбады. Көптеген аталарымыз бен әжелеріміз

имандылықты жүректерінде сақтады. Дін апын саналған қоғамда ел көзінен жасырынып, намазын оқып, ораза ұстады. Ешкімнің ала жібін аттамауға, пендешілікке түспеуге тырысты.

Ал, көзін ашқаннан атеистік тәрбие алып өскен әлденеше ұрпақ адал мен харамның, обал мен сауаптың, жақсылық пен жамандықтың, пендешілік пен тақуалықтың аражігін айыра алмай өсіп, бүгінгі күнге де жетті. Аллаға шүкір, ел тәуелсіздігі дінімізге де еркіндік берді. Кеңес заманында Қазақстанда көз үшін болса да небәрі 68 қана мешіт болған екен. Оның өзі де соңғы 70-80-ші жылдары ашылған. Мұның да жамағаты азын-аулақ шал-шауқан еді. Көпшіліктің оған баруға біріншіден діни білімсіздігі жібермесе, екіншіден бақылаған сырт көзден қаймығып, батылы жетпеді. Дәл осындай жағдай елімізді мекендеген өзге діндегі ағайындарымыздың да көбісінің басынан өтті. Ұлты мен дінінің бір-бірінен бөлектігіне қарамастан олар кездескен барлық қиындықтарды бірлесе жемді. Тың игеру жылдарында да бірлесе жер жырттып, егін екті.

Қуанышта да ортақ. Себебі тағдырлас. Мақсаты бір, мүддесі ортақ. Ол – ортақ отанымыз, тәуелсіз Қазақстанды өтпелі кезеңнен неғұрлым тезірек шығарып, экономикасын жоғары, мәдениетін көтеріп, рухани байыта түсу, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналдыру. Бұған жеткізер бірден-бір жол – кешегі Кеңес тұсындағы орнығып қалыптасқан еліміздегі сан тілді, дінді, конфессиялы халықтардың бірлігі мен ынтымағын күшейтіп, баянды ете түсу. Бұл орайда Президентіміз Н.Ә. Назарбаев бастап қаншама үлгі аларлық ізгі іс-шаралар белгілеп, оң қадамдар жасады. Әлемнің бірде-бір елінде бұрын-соңды болмаған Қазақстан халықтарының ассамблеясы құрылып, бірлік пен ынтымақты одан әрі орнықтырып дамыта түсер талай ізгі шешімдер қабылданды. Әрбірінің ұлттық-мәдени орталықтары өз әл-қадірінше жемісті қызмет етуде.

Астанада бүкіл әлем діндері өкілдерінің арасындағы сындарлы ұнкағысуды жалғастыру мақсатын көздеген ІІ съезді өткізу алдағы уақыт еншісінде. Сол айтулы оқиғаға дейін Астанада әлемдік ірі төрт діннің басын бір үлкен сарайда қосатын ғимарат құрылысы жүріп жатыр.

Осындай игі іс-шаралардың сан ғасырлар бойы Ислам дінінің бүкіл ізгі қасиеттерін өз бойына сіңіріп, болмысына айналдырған қазақ елінде жүзеге асып жатуы өзін мұсылман санайтын әрбір отандасымызды қуанышқа бөлеп, жүрегіңде мақтаншыл сезімін туғызады. Исламның бейбітшіліксүйгіш, дүниеге тек тыныштық пен ізгіліктің дөнін себер асыл дін екендігін уақыт өлдеқашан сан қайтара көз жеткізе дәлелдеген. Тазаға кір-ластардың ежелден өш келетіні белгілі. Қазақ мұндайда: “Аққа Құдай жақ”, “Ит үреді, керуен көшеді”, – дейді. Диакон А. Кураевтың Ислам дініне лаңкестікті, зорлық-зомбылықты, қатыгездікті таңып, оны дәлелдеуге тырысуы “жаңалық” емес. Мұны бұған дейін де дін дұшпандарының Исламға тапсырыспен жала жабу

науқанының кезекті бір ту сырты тас лақтыруы деп түсіну лә... Оның “дәлелсіздіктері” а... дініміздің ұстанымдары... қағидасына мүлдем жат. Бұл... көзі қарақты, білімді де зия... қауым... мұн...

“теориясымақтар” д... қабылдамайды, керісінше ау... серліп тастайды. Ел мен халық... жарасымды тыныс-тіршілік... бірлігі мен ынтымағына, діні... сенім-нанымына селкем сал... көздеген мұндай теріс ниет-ш... қашан да болған, бола беру... мүмкін. Ал оны айырып, тер... теріс, оңды оң дейтін салауатт... дана халқымыздың бары көңі... медет. Себебі біздің асыл діні...

“Бейкүнә адамды өлтір... болмаңдар, ол Тәңір тым са... іс” (“Исра” сүресі, 33 аят), “К... шектен шыққанды ұнатпай... (“Бақара” сүресі, 190 аят), “Д... зорлық жоқ” (“Бақара” сүресі... аят), – деп барлық жамаат... атаулыдан мұсылмандарды... баста-ақ үзілді-кесілді тыйған...

Өмірдің өзі көрсеткенін... қылмыс жасаушының бел... бір ұлты да, діні де жоқ... аяусызлықты білмейтін қат... де мейірімсіз, Құдайдан бе... күнәһар!

Әр діннің ұстанымы... қағидасы түрліше болғанымен... бастысы бәрі де... адамгершілік пен ізгілі... шақырады. Бұған қаты... қасиетті Құран Көрімің: “... Алла өзі қаласа сендерді, Ә... бір үммет қана етер еді. Бір... сендерді сынау үшін түр... шарияты жасады. Жақсы іс... ұмтылыңдар. Сендердің бәр... Тәңірінің алд... қайтарыласыңдар. Сен... таласқан нәрселердің (қай... ақ, қайсысы қара екенін) ... өзі айтып береді” (“Ма... сүресі, 48 аят), – деуі... жөйттің құпия сырын аша...

А. Кураевтың тұжырымда... қатысты белгілі саясаттан... профессор Марат Тажи... “Егемен Қазақстан” газет... жарық көрген “Беслан қас... Исламнан келген тақсирет... (18 қыркүйек, 2004 ж.)... мақаласында білдірілген салт... да салмақты пікір кө... көкейінде жүрген ойларды... басып, Ислам дініне қатысты... ниет-пиғылдардың бүгінгі н... өмір шындығынан мұә... алшақтығын, оған таңыр... жүрген түрлі “измдердің” не... әрқилы пайымдаудан туатын... көз жеткізе дәлелдеп, жан-жа... ашып көрсетуімен құнды дер... Біздегі Ислам мен Христ... діндері басшылары арасынд... мүддесіне орай ынтымақ... іскерлік байланыс орнаған... мүфти мен Алматы, Ас... метрополиті Мефодий бір... шешер мәселе туындай қы... кездесіп, пікір алысып, кең... тұруы үрдіске айналған. Бір... діни мерекелері... құттықтасып, шын жүректен... тілектерін білдіреді. Қазақ... орыс халқының сан ғасыр... ынтымағы мен бірлігін там... терен достық байланыстыру... Олардың түрі мен тілі, діні... ділі бөлек болса да жүрегі, сат... бір. Оны Алланың сыйы... білеміз. Бұл достық... бауырмалдыққа сызат тү... керек.